

## САЯСАТ

# Сенаттың соңғы отырысы Әшімбаевтың Тоқаевқа алғыс айтуымен аяқталды

Азаттық радиосы

30 маусым 2026 жыл, 08:35



Қазақстан парламенті сенатының отырысы (архивтегі фото)

Қазақстанда 30 жыл бойы мемлекеттік биліктің заң шығарушы тармағы ретінде жұмыс істеп келген қос палаталы парламент 30 маусым күні соңғы рет бірлескен отырысын өткізіп, тарих қойнауына кетпек. Осының қарсаңында соңғы рет жалпы отырысын өткізген сенат ел тарихында қандай роль атқарды, несімен есте қалды? Бұл жайында сенаттың қазіргі және бұрынғы мүшелерінің пікірін сұрадық.

## "ТАРИХИ МИССИЯСЫН АЯҚТАДЫ"

29 маусым күні Қазақстан парламенті сенаты VIII шақырылымның төртінші сессиясын қорытындылаған жалпы отырысын өткізді.

Бұл – 1995 жылғы Конституция бойынша құрылған қос палаталы парламенттің сенатының тарихындағы соңғы жалпы отырыс болды. Депутаттар соңғы отырыста бірқатар заң жобаларын қарап, мақұлдады.



Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев

Мұнан соң сенат жұмысын қорытындылаған палата төрағасы Мәулен Әшімбаев өткен 30 жыл ішінде парламент сенаты 890-нан астам жалпы отырыс өткізіп, 3,5 мыңнан астам заң қабылдағанын, оның 350-ден астамы депутаттардың бастамасымен әзірленгенін айтты.

Әшімбаев өз сөзінде Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенімі мен қолдауы үшін алғыс айтты.

"Ең алдымен өз атымнан және барлық сенаторлар атынан мемлекет басшысына бізге деген жоғары сенімі мен реформаларды бірлесіп жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік жасап, үнемі қолдау танытқаны үшін зор алғысымды білдіремін", – деді Мәулен Әшімбаев.

Ол елде жүргізіліп жатқан реформаларды "әділетті Қазақстан" құру жолындағы қадам" деп атап, болашақ Құрылтайдың жұмысы сәтті болатынына үміт білдірді.

Мәулен Әшімбаев қос палаталы парламент енді тарих қойнауына кетіп, оның орнын заң шығаратын жаңа орган басатынын айтты.

"Тамыз айында бір палаталы парламент – Құрылтайға сайлау өтеді. Осылайша, 1995 жылғы Конституцияға негізделген қос палаталы парламент өзінің отыз жылдық тарихи миссиясын абыроймен аяқтайтын болады. Бұл – ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашатын маңызды сәт. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қабылданған жаңа Конституция бүкіл саяси жүйемізді жаңғыртып, елдің қарқынды дамуының негізі болатыны сөзсіз", – **деді** Мәулен Әшімбаев 29 маусымда сенаттың соңғы жалпы отырысында.



Қасым-Жомарт Тоқаев (сол жақта), Нұрсұлтан Назарбаев (ортада) және Мәулен Әшімбаев биліктегі NurOtan (кейін Amanat деп өзгерген) партиясы съезінде. Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана), 23 сәуір, 2019 жыл.

Бұған дейін, 26 маусым күні, парламенттің төменгі палатасы – мәжіліс те өз тарихындағы соңғы жалпы отырысын өткізген.

Қазақстанның бір палаталы жаңа парламенті – Құрылтайға сайлауды биыл тамыз айында өтетінін бұған дейін президент Тоқаев та айтқан. Сәрсенбіден бастап күшіне енетін жаңа Конституцияға сәйкес, Құрылтай депутаттары тек партиялық тізім бойынша сайланады, яғни бұрынғыдай депутат болғысы келген адам кандидаттыққа өзін өзі ұсына алмайды.

Құрылтай сайлауын өткізу туралы ресми жарлық әлі шыққан жоқ.

## "ӨЗІН ӨЗІ АҚТАДЫ"

1995 жылғы Конституция бойынша дүниеге келіп, 30 жыл бойы мемлекеттің заң шығарушы билік тармағының жоғарғы палатасы ретінде дәурен құрған сенаттың тарихи ролі, атқарған қызметі қандай болды? Азаттық осы сауалды бұған дейін сенаттың кейбір депутаттарына қойып көрген еді.



**Сүйіндік Алдашев, сенат депутаты:** Осы кезге дейінгі әлеуметтік, қоғамдық-саяси дамуымыздың бәрі сенаттың жұмысымен байланысты.



Әли Бектаев

**Әли Бектаев, сенат депутаты:** Өзін өзі ақтады деп толыққанды айта аламын. Өзім 12 жыл сенатор болып жұмыс жасадым. Өңірлердегі негізгі мақсаттарды, ондағы проблемаларды, өңірлердегі қажеттіліктің бәрін сенат депутаттары көтеріп жүрді ғой деп ойлаймын.

**Әлібек Нәутиев, сенат депутаты:** Құрылым болғаннан кейін халықтың мұң-мұқтажын, оның өміріне қажетті жағдайлардың бәрі үшін қызмет етті. Оны толық деп айта алмаймын, себебі әлі де болса жасалатын жұмыстар баршылық, себебі қоғам өзгерген сайын, өмір жақсарған сайын адамның қажеттілігі де, өмірдің қажеттілігі де жалғасын тауып, сұраныстар көбейе береді.

**Дархан Қыдырәлі, сенат депутаты:** Кейбір заңдар қайтарылып жатыр. Мәжілістен келген заңдарды тек сол қалпы қарау емес, сенатта көптеген сауалдар болды, мысалы, шетелге сатылған балалардың тағдыры немесе харрасмент мәселесі, Талғардағы оқиға, әскердегі әлімжеттік, футболдағы жемқорлық мәселелері және сол сияқты көптеген мәселелерді көтердік. Сондықтан, сенат өз жұмысын абыроймен атқарды деп ойлаймын.

**Азаттық:** Палатамен қоштасып жатырсыздар ма?

**Әлібек Нәутиев, сенат депутаты:** Палатамен қоштасатындай далаға кетіп бара жатқан жоқпыз, осы Қазақстанның ішіндеміз. Сондықтан біз осы жерде болсын, басқа жерде, болсын, біріккен жұмысымыз жалғаса береді деп есептеймін.

**Азаттық:** Сенат жұмысы біткеннен кейін, ертеңгі күні жалғыз палаталы парламент – Құрылтайдың өңірлермен байланысы әлсіреп қалу қаупі бар ма?



Дархан Қыдырәлі

**Дархан Қыдырәлі, сенат депутаты:** Осы мәселе ескеріліп, Халық кеңесі өңірлермен, ондағы мәслихатпен жұмыс істейтін болады. Сондықтан сенаттың бұл функциясы Халық кеңесіне беріліп отыр. Халық кеңесі жалпы азаматтық қоғамның мінбері ретінде өңірлердегі мәслихаттармен қатар, азаматтардың пікірлерін айту үшін жұмыс істейді. Сонымен қатар, өңірлерден партиялар

тізімі бойынша келетін әріптестеріміз де сайлаушылармен жұмыс істейтін болады. Сондықтан, әлсіремейді деп ойлаймын.

**Әли Бектаев, сенат депутаты:** Қазір жаңа құрылымға байланысты қосымша регламент бар, сонымен реттелетін болар. Себебі, Құрылтайға депутаттардың көбі де өңірлерден сайланады ғой деп ойлаймын. Сондықтан байланыс үзілмейтін болуы керек деп сенгім келеді.

**Азаттық:** [Сенатта атқарған] ісіңізге көңіліңіз тола ма?

**Әли Бектаев, сенат депутаты:** Оған бағаны сайлаушылар берер, өзім туралы айтпай-ақ қояйын, жарай ма?

## "ҚОС ПАЛАТА ДА ТӘУЕЛСІЗ БОЛҒАН ЖОҚ"

1996 жылғы 30 қаңтардан 2026 жылғы 30 маусымға дейін 30 жыл 5 ай өмір сүрген сенат Қазақстан тарихында қандай орын алды, институт ретінде есте қалған қандай маңызды шешімдер қабылдаған еді? Бұрынғы сенат депутаты, Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қорының президенті, саясаткер Зәуреш Батталовадан сұрадық.

**Азаттық:** Бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тұсында Қазақстан парламентінің жоғарғы палатасы – сенатты президенттің ықпал ету құралы деген сын айтылып жүрді. Өйткені сенат құрамындағы депутаттардың кейбірін квота бойынша президент тағайындайтын. Қазіргі билікке осы "ықпал ету құралы" неге керек болмай қалды? Неге қазіргі билік сенаттан бас тартып жатыр?



Зәуреш Батталова

**Зәуреш Батталова:** Меніңше, мәселе сенатта ғана емес, жалпы басқару тәсілінде. Бұған дейін екі палаталы жүйе басқарылатын архитектураға енгізіліп, заң жобаларының палаталар арасында орталықтың мүддесіне сай өтуін қамтамасыз етуші қосымша сүзгі қызметін атқарды. Ал бүгінгі мәселе биліктің қандай мақсат көздеп отырғанында емес, реформалар шынымен демократияландыру бағытында өтіп жатыр ма, әлде бұл бақылауды сақтаудың жаңа формасы ма – бар мәселе

осында. Құрылтай азаматтар сенетін органға айналу үшін дәл осы ашықтықты, өкілдік сипатын және нақты өкілеттілігін көрсетуі керек. Осыны біз бүгін көре алмай отырмыз.

**Азаттық:** Өткен кезеңге көз салатын болсақ, сенаттың билік институты ретінде қабылдаған, Қазақстан халқының есінде қалатындай қандай тарихи шешімдері бар, соны айта аласыз ба?

**Зәуреш Батталова:** Барлық шешімдерді екі палата бірігіп қабылдады, сондықтан бұған жауапкершілікті жоғары палата ғана емес, сенат пен мәжіліс бірге көтеруі тиіс деп санаймын. Бір мысал келтірейін, 2003 жылы парламент [үкімет әзірлеген] Жер кодексіне қарсылық білдіріп, премьер-министр отставкаға кеткен кезде, президент үкіметтің заң жобасын қайтадан парламентке әкеліп, сегіз қосымшамен толықтырып, оны қабылдауға мәжбүрледі. Біз бірнеше депутат қарсы болсақ та, екі палата депутаттары көпшілік дауыспен ол заң жобасын қабылдады. Міне осы мысал көрсеткендей, екі палата да, өкінішке қарай, ешқандай тәуелсіз болған жоқ, жалғыз сенат қана деп айтуға келмейді.

**Азаттық:** Қазақстан парламенті сенатын осы кезге дейін барлығы жеті адам: Өмірбек Байгелді, Оралбай Әбдікәрімов, Нұртай Әбіқаев, Дариға Назарбаева, Мәулен Әшімбаев және қазіргі президент Қасым-Жомарт Тоқаев басқарыпты. Бұл институтты ең ұзақ басқарған да Тоқаев екен – екі мерзімді қоса алған жиынтығы 10 жылға жуық. Бұл институтты әрі осы аталған адамдарды танитын саясаткер ретінде айтыңызшы, кімнің тұсындағы сенат өз бетінше ықпал етуге, өз бетінше шешім қабылдауға тырысып көрді, болмаса қауқарлы болды, я Ақордадан тәуелсіз болуға ұмтылды?

**Зәуреш Батталова:** Біздің парламентте бүгінге дейін бірде-бір рет палата төрағасы балама түрде сайланған емес. Парламентке бір кандидатураны әкеледі – мәжіліске де, сенатқа да солай, – сол кандидатураны қабылдайды. Сондықтан сенаттың да, мәжілістің те төрағасы тағайындалды деп санауға болады. Олар өз

институционалдық тәуелсіздігін көрген жоқ, сондықтан екі институтты да тәуелсіз институт болды деп айтуға болмайды. Әр тұлғаға қатысты да солай – жеті спикер болса да, бірде-бірін тәуелсіз болды деп айта алмаймыз. Бұл жүйелік мәселе, жеке тұлғамен байланысты емес. Бірақ, мен айтар едім, Оралбай Әбдікәрімовтің тұсында, өзім сенат депутаты болған кезде, парламентте дискуссия көбірек болды, Серікболсын Әбділдин, Серікбай Әлібаев, тағы бірнеше депутаттың дауысы естілетін ол кезде.

**Азаттық:** Сіз сенат депутаты болған кезде билікті ашық сынап жүрдіңіз, оппозицияда болдыңыз. Бірақ сіздерден кейін сенатта билікті ашық сынайтын, Ақорданың саясатына қарсы тұратын тұлғалар қалмады деуге де болатындай. Бірақ бәрін жоққа шығарып тастауға да болмайтын шығар. Отыз жылдық тарихы тұрғысынан алғанда, сенат құрамында жүріп шын мәнінде мемлекеттің мүддесі үшін жұмыс істегісі келген жекелеген қандай тұлғалар есіңізде қалды?

**Зәуреш Батталова:** Кәсіби жағынан біздің арамызда беделге ие болған депутаттар бар. Мысалы, Бексұлтан Тұтқышев есімде, ол денсаулық сақтау саласының заңдарына өте көп өзгеріс енгізді, қызу пікірталастырып, кейбір кезде мінезін көрсеткен адамның бірі, мен білетін. Уәлихан Қайсаровты айтуға болады, біз аз болсақ та, Уәлихан екеуіміз көп мәселені бірауыздан айтып, көтеретінбіз. Сол сияқты, Леонид Бурлаков жергілікті өзін-өзі басқару тақырыбын жан-жақты білетін, сол тақырып бойынша алты жыл, сосын мен кеткен соң да ол кісі жергілікті өзін-өзі басқару жөніндегі заң жобаларына парламентте көп сын айтқан, мәселені жан-жақты көтеріп, нақты жұмыс жасаған адамның бірі болды кәсіби жағынан. Ал бірақ шешім қабылдайтын кезде депутаттардың көбі, кәсіби жағынан кем болмаса да, олар өкінішке қарай, жүйенің әсерімен айта алмай қалатыны бәріне мәлім.

Айдар

ЖАЛПЫ АРХИВ

САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАН

БАС ТАҚЫРЫПТАР